

Қазақстанның ашық кітапханасы

Шерхан МҰРТАЗА

ЖҮРЕККЕ ӘЖІМ ТҮСПЕЙДІ

Жазушы Ғалым Ахмедовке арналды.

Автор

Сағын аға екеуіміз сәскеліктен соң серуенге шығамыз. Сағын аға сәмбі талдан жонған ақ

таяғын қолына алады:

—

Е, бар болғыр, жүр енді, күн ысып кетеді, аяғыңа жеңіл бірдеңе ки, тауда туфлимен

жүре алмайсың, — деп мені мектепке жетектеп апаратын баладай баптайды.

Сағын аға, құдай бұйыртса, енді бір жылдан кейін сексенге келеді. Ал соған қарап,

бүкірейген шал екен деп ойлап қаларсыздар. Қайдағы шал?

Жігіт ағасымыз деп жүрген

біздерден көп ширақ. Өзі бойшаң, сол сұңғақ бойын тіп-тік ұстайды. Екі беті нарттай,

мейірімді көздері көзілдірік дегенді білмейді, әлі шоқтай

жайнап, күлімсірейді де тұрады,

жарықтық. Өмірі ызғар шашып, суық тартып көрген көз емес, көп жасауы, көп жасай

тұрып, жігіт қалпында қалуы сондықтан да шығар. Жап-жазық маңдай дөңестеніп барып

басының қас-қасына жалғасады. Қарын дегеннен белгі жоқ, жіптіктей.

Бау-бақшаның ішінде, шипа теректердің тасасында тұрған демалыс үйінен ұзай бере

жолымыз жалғыз аяқтанып, өрге қиялай бастайды. Сағын аға ұзын таяғын шаңғы

тепкендей алға сермей тастап, жауырындары бұлтыңдайды.

Анда-санда артына бұрылып

қарап, пысылдап келе жатқан маған:

—

Таяғыңды алшақ таста, қолыңа салмақ сал, жауырыныңды бүкшитпей жазып жүр,

— деп қояды.

Менің шолақ жеңді ақ жейдем терге бөгіп қарая бастағанда,
Сағын ағаның маңдайы ғана
жіпсиді.

Сөйтіп біз қатар-қатар дачалардың тұсынан, қалың-қалың
баулардан қаздай тізіліп өтіп,
бөгде көзді таң қалдырып (өйткені біріміз Дон Кихот, біріміз
Санчо Пансо сияқтымыз)

Шыбынсай беткейіне өтеміз. Шыбынсай беткейі жабайы
өрікке, жабайы алмаға тұнып
тұрады. Пісіп жеткен жеміс жерге төгіліп, алды шірі де
бастаған екен. Айнала алма
аңқиды.

Біреулер беткейдің қалың шөбін шауып маялап қойған екен,
соның көлеңкесіне барып
тыныстаймыз. Пішен иісі жұпар аңқиды. Сай табанында
таспадай су ирелеңдеп ағып
жатады. Құс біткен құйқылжыта сайрайды.

—

I-i-i, — дейді Сағын аға көзі күлімдеп.
Онысы: «қалайсың» дегені.

—

Шаршап қалдым.

—

Безобразие, — деп қояды ол жазық маңдайлы қасқа басын
салмақтай шайқап. —

Мен сенің жасыңда болсам ғой..

— Не істер едіңіз?

—

О, онда, — әдемі көзін Шыбынсайдың арғы қабағына қадайды.
Шыбынсайдың
арғы бетінен іздегенін тапқандай, орнынан көтеріле бір
қозғалып қояды.

—

Баяғыда, сендей кезім... Жоқ, сенен жасырақ кезім, Уфада оқып
жүрген шағым...

Жә, қашанғы әңгіме, қай-қайдағы еске түседі, керек емес, саған түк те қызығы жоқ, — деп қолын сілтей салды.

—

Ойбай, аға, айтыңыз. Айдалада екеуден-екеу үндемей отырайық, әйтпесе. Маған неге қызық болмасын.

Өмірі тұнжырамайтын аялы көздерді сәл-пәл мұң шалғандай болады.

— Сен Уфада болғаның бар ма? — деп маған сол күлімсіреген қалпын өзгертпей бұрылды.

— Екі рет барып едім.

— Е, онда біледі екенсің ғой. Сол Уфаңызға жиырма екінші жылы оқуға бардым. Екі-үш жыл бұрын ғана неше дүркін сұрапыл соққан жер. Колчактың қылышынан қан сорғалап, оны Фрунзе тас-талқан етіп, Орал таудан айдап шыққалы да көп болған жоқ. Ақ Еділдің бойында, Орал таудың бауырында бозбала шағым, өмірімнің ең бір аяулы жылдары өтті.

Иә... Оның бәрі көп әңгіме. Өзің білесің, Уфада революцияға дейін Би-ағаң, Бейімбетті айтам, Би-ағаң оқыған. Тағы біраз қазақтың зиялылары шәкірт болған жер.

Не керек, менімен бір татар-башқұрт қызы оқыды. Аты Кенже еді.

—

Кенже?

—

Кенже емес, Энже. Қазақша «Інжу» дегені. Інжу-маржан ше.

—

«Татар-башқұрты» қалай?

—

Е, әкесі татар, шешесі башқұрт та. Ондайларды «диптәрләр» дейді. Сен әлі жассың, сұлулықтың қадірін білмейсің ғой. Сұлуды, сұлулықты әлдерің жеткенше жазып та

жүрсіндер. Мен де жазғым келеді. Бірақ Энженің сұлулығын жазуға шамам келмейді.
Көркі — көз алдымда, жай сөйлегенінің өзі әсем бір ән салып тұрғандай: әйел біткеннің нәзігі сол шығар. Әлде маған солай көріне ме? Бірақ содан бері талай жыл жасап келемін — ондай әйел затын кездестірген емеспін. Ол әнші еді. Мүмкін, сол жүрек балқытып, өзегінді өртердей ән сиқыры шығар, маған одан басқа әйел жұрты тек жұпыны, Энженің жұқанасы ғана сияқты көрінетін. Сұлулық дегеннің өзі адамның көзге көрінбес қос қанаты ғой деп ойлаймын. Егер дүние тек сұлулықтан тұрар болса — адам баласы мүгедектіктен, ғаріптіктен, рухани жадаулықтан құтылған болар еді... Қарсы алдымыздан тырс-тырс етіп жабайы алма үзіліп түсіп, қалың шөптің арасынан домалай алмай, түскен жерінде тырп етпей жата қалады. Дәу кәрі алма ағашының түбінде отырған бейсеубет екі адамды көріп, ала қанат сауысқан әлдеқашан бебеулеп, айнала төңіректің бәріне хабарлап болған. Енді ол Сағын аға әңгімесін сауысқан тіліне сөзбе-сөз аударып отырған сияқты. Сауысқан қауымында сұлулық, махаббат деген ұғым болар-болмас, кім білген, бірақ сауысқандар әр тұстан үн қатысып, қарқылдап тұрып күлгендей де болады.

—
«Кәрі неме, махаббатта несі бар?» — дей ме екен. Сағын аға сауысқандардың дарақы у-шуына біраз құлақ түріп болып, әңгімесін жалғай түседі.

—
Біз оқып жүргенде жатақханада:
Уфа диләр, Уфа диләр,
Уфаны күрәсәм килә.

Цинтральный урамында
Подружка жүрәсәм килә, —
деп, башқұрт-татардың қыз-жігіттері өлеңдетер еді. Жігіттер
айтып бола бере, қыздары:

— Ай юғары, ай юғары,

Айға минәсем килә.

Айға минәп, жирға қарап,

Сизнә күрәсәм килә, —

деп шырқайды.

Тальян гармошка құйқылжиды. Көп дауыстың ішінен Энже үні
ерекше құлпыра естілер

еді. Энже алыстағы қазақ даласынан келген жігіт

жалғызсырамасын дей ме екен, мені

өзіне жақын тартып жүреді. Менен гөрі орысшаға жүйрік,

сабаққа бірге дайындаламыз.

Энже екеуміз бас түйісіп бір кітапқа бірге үңілісіп

отырғанымызды көріп, татар жігіттері

кәдімгідей қызғаныш білдіретін. Әсіресе скамейкада қатар

шүйіркелесіп отырсақ, әлгі

Энженің ар жағынан келіп жанаса кетеді.

—

Бар инде,—деп Энже жақтырмайды. — Мешайт итме.

—

Сен қазақ жігітін ұнатасың ақыры, мен де қазақ, — дейді

Ибрагим кенедей

жабысып.

—

Қайдағы қазақ? — дейді Энже шикіл сары, жирен шаш, көк көз
жігітке таңырқай

қарап.

—

Қазақ, — дейді анау саспастан. — Абай қазақ па — қазақ. Ал
оның шын аты —

Ибрагим. Мен қазақ, эм Абай, — деп әлгі шірене түседі.

Қыз сыңғырлап күледі:

—

Ой, Ибрагим, син Абай түгел, — дейді жігіттің әзілін көтеріп.

Әзіл де болса, мен іштей қызғанатынды, іштей булығып,
шиыршық атып отыратынды
шығардым. Қыз мені шын ұнататынына әлі көзім жетпейді.
Оның мені іш тартып, сабақты
бірге дайындасқаны тек жанашырлықтан ғана болуы да мүмкін
ғой. Адамға жаны ашып,
көмектесіп жіберуі әлі шынайы махаббат емес те шығар. Ал
мен байғұс қызды құлай
сүйгенімді сезбей қалдым. Ендігі жерде маған онсыз өмір – құр
қуыс дүние сияқты.
Өзімше қиял теңізіне малтитынды шығардым. Өзімше Энже –
Ғалия-бану да, мен —Халел
боламын. Ал Ибрагим – Исмагил жауыз. Рольдерді осылай
бөліп, ойша Исмагилмен
жекпе-жекке шығып жеңіп жүремін. Оқуымды жақсы бітіріп,
Энжемен қол ұстасып елге,
қазақ сахарасына қайтамын. Мұндай сұлуды көрмеген елдегі
туыстар қуанып, құттықтап,
ұланасыр той жасайды. Тойда Энже «Ғалия-бану» әнін
шырқайды. Тойға жиналған жұрт
жамырай риза болып:

—

Ұзағынан сүйіндірсін!

—

Бақытты болындар! — деп батасын беріп, тілек тілейді.
Әне, «Көңіл жүйрік пе, көк дөнен жүйрік пе» деген сол екен.
Сөйтіп жүргенде Еділ бойында оба ауруы тарапты деген сөз
шыққан. «Жұт — жеті
ағайынды» деген рас шығар. Алдымен қатарынан екі жыл бұл
жақта астық шықпай қалды.
Енді ауру тарады. Тағдыр өзі сақтасын, бізге келе қоймас деп
қойғанбыз. Кенет Энже
ауырып, емханаға түсті. Тағы бір-екі студент обаға шалдықты.
Оқуымыз уақытша
тыйылып қалды. Сол екі арада елден хат келсін. «Әкең хал
үстінде, тез жет!» — депті.

Қоштасайын деп Энжені іздеп емханаға барсам, маңайына
жолатпайды, не хат та
қабылдамайды. «Е, ештеңе етпес, елге барып, қайта
оралғанымша, Энже аман-сау айығып
кетер, жолығармыз», — деп өзімді өзім алдандырып кете
бардым.

Ол кезде көлік қазіргідей ме, жарты ай шамасы жол жүріп
жетсем, әкейді жерлеп те
қойыпты. Жылау-сықтау. Қашанғы жылай бересің. Тірі
адамның тіршілігі бар. Енді Уфаға
қайтайын десем, қарт шешей, шиеттей бала-шаға. Үп етіп ұшып
кеткелі отыр. Елдегі
ағайын, ақсақал-қарасақал жиналып:

—

Шырағым, енді әке орнына сен әке боласың. Мына иесіз үйді
кімге тастайсың. Қой,
оқу дегенді айтпа. Жүр ғой сендей елдің баласы, әліпті таяқ деп
білмей-ақ күн көріп жүр.
Құдайға шүкір, олардың қасында сен ағып тұрған молда
емеспісің...

Ол кезде мендей оқуы бар адам некен-саяқ. Лезде жұмыс та
табылды. Ауылда мұғалім
болып қала бердім. Ол бір мұғалімнің қадірлі кезі еді. Ауыл
болып мені алақанына салып,
басына көтереді. Шешемнің бақытында шек жоқ: баласы ең
құрметті адам болғанына
қуанғаннан шалының қасында жоқ екенін де ұмытып кетті.
Інілерім, қарындастарым үсті-
басы бүтінделіп, аузы аққа жарыды. Қарасам, төрт құбылам
түгел сияқты.

Бірақ мен жан-жағым жалаңаш, ызғырық желдің өтінде тұрған
сияқтымын. Өзім мұнда,
есіл-дертім алыста, Орал тауда. Мен жоқта Энже ауруынан
жазылып, оқуына қайта
оралған сияқты. Енді оның жанында шикіл сары Ибрагим
отырған сияқты. Адам

сағыныштан сандалғанда не болса соған жалбарынғыш: Энжеге күннен де, айдан да, жұлдыздан да, жерден де, құстан да сәлем айтамын. Ал өзім жете алмаймын, кете алмаймын. Ауруханаға хат жазып едім, жауап болмады. Сірә, хат арқылы да жұқпалы ауру тарап кететін болуы керек. Ибрагимге хат жіберіп едім, о да үндемеді. Оқудың бастығынан да жұбаныш хабар болмады. Менің сүйретіліп сұлдем ғана жүргенін байқаған ағайын әлденені сезіп, ақсақал-қарасақалды ақылдасып, мені үйлендірмек болды. Ары-бері шатқаяқтап көріп едім, айналайын ағайын тізеге салып басып жіберді. Содан сол жеңгеңмен, өзің білесің, елу жылдай бірге өмір кештік. Оның дүниеден қайтқанына да он шақты жыл болып қалды. Энже алғашқы бір-екі жыл есімнен кетпей, елеңдетіп, күндіз ойдан, түнде түстен шықпай жүрді де, ақыры ұмытыла берді. Тек оқта-текте жүректі бір шаншулатып, бір күрсіндіріп кететіні болмаса, бұрынғыдай жан қинағанды қойып, әдемі бір көрген түстей елеске айналған...

Күн сәскеден өтіп, түске таяп, қызуы асқына бастаған екен. Дермене, жалбыз аңқыған шөмеледен шекшектің, шегірткенің әні жиілей берді. Жабайы алмаға үймелеген аралар ызыңдайды. Қызыл-жасыл көбелектер көлбеңдейді. Осындайда Ғабдол Слановтың:

Қызыл-жасыл, теңбіл көк,
Дүние деген көбелек.
Соны қуып келемін
Маңдайдан терім себелеп, —
деген өлеңі еске түседі.

...Содан осы бір жыл бұрын ба екен, «Қазақ әдебиетінде»
әңгімем шықты. Ол елден
жырақта туып-өскен бір дәрігер қазақ қызының есейгенде ата
жұртын іздеп келгені
туралы болатын. Оқыдың ба, жоқ па, білмеймін...

—
Оқыдым, оқыдым, — деп асыға бас изедім. Әңгіме арқауы
үзіліп қалмаса екен
деймін.

—
І-і-і, — деп Сағын аға менің ықыласыма риза болғандай маған
бір қарап алды да,
маңайды шолып:

—
Безобразие, түс болып қалыпты ғой. Қой, қайтайық. Әңгімені
қысқартып тоқ етерін
айтқанда былай: Әлгі «Қазақ әдебиетінде» әңгімем
жарияланғаннан кейін, шамада, бір
айдан соң бір хат алайын.

Конвертіне қарасам: «Қазан» дейді. «От Ихсановой Э.» дегені
тағы бар. Хат редакцияның
адресіне келіпті де, ондағы жігіттер маған табыстады. Түк
түсінсем бұйырмасын. Қазанда
қандай танысым бар? Неде болса, деп конвертті ашайын...
Саған өтірік, маған шын, сексенге келген адамның елжіреп,
ағыл-тегіл сезім билеп, сол
сезімнің селіне шыдай алмай еңкілдеп жылағаны қиын екен.
Баяғы Энже! Фамилиясы
Ихсанова екені есімде жоқ. Сөйтсе, бұл «Қазақ әдебиетін»
Қазандағы туғандар да
жаздырып алады екен. Менің әңгімем басылған нөмір
әлдеқалай Энженің қолына тиген.
«Сіз сол Сағын Рахметовсіз бе, әлде аттас-фамилиялас басқа
біреусіз бе, білмеймін.

Әйтеуір, үміт дүниесімен жазып отырмын. Құдайдан сол Сағын
Рахметов болғай деп

тілеймін. Өйткені сіздің жер бетінде тірі жүргеніңіздің өзі маған үлкен медет болар еді.
Арада жүз жыл өтсе де, неге екенін білмеймін, осындай тілек тілегім келеді. Сіз болсаңыз да, болмасаңыз да, Сағын Рахметов деген есімнің өзі маған сонау-сонау алыста қалған, қаһар соғып, қиындықпен өткен, бірақ аса қымбатты жастық шақты еске түсірді. Мен сияқты жалғыздік қарт кісіге жаннаттай жастықшақты еске алудың өзі кәдімгідей нәсіп.
Есіңізде ме, Сағын (егер сол Сағын болсаңыз), сіз бек ұнататын «Ғалия-Бануда»:
«Ақ атласым жетпеді,
Күміс қайшым өтпеді.
Он бес жастан ғашық болған,
Ғалия-Бану сұлуым, еркем,
Құдайым нәсіп етпеді, —
деуші еді ғой, сол айтқандай, тағдыр-жазмыш бізді бір-бірімізге нәсіп етпесе де, сол бір сүйікті балғын шақты еске алудың өзі маған зор байлық. Сонан соң алыста бұлдырап қалған жиырма екінші жылдан бері менің басымнан нелер хал өтті, не көрдім, не білдім — оның бәрі ұзақ-ұзақ хикая. Егер шын Сағын Рахметов сіз болсаңыз, осы хатты алысымен өзіңізден бір хабар берерсіз. (Әрине, «Ғалия-Бануды» ұмытпасаңыз, әрине, керек деп тапсаңыз). Әне, сонда мен сіздің нағыз Сағын Рахметов екеніңізге көзім жетіп, тәңірге көп-көп тәубе айтып, сізді тірі сақтаған тағдырға табынып, тағы бір хат жазармын. Сонда бәрін тізермін. Ал әзірге тек «Сизлар яктан искән жилләр белән бер хабар киләрсін ми» деп үміт етуші, ұмытпасаңыз, Энже Ихсанова».

—
Безобразие. Міне, хаттың сипаты осындай. Ауру адамдай меңзең халге душар

болдым. Бозым бозбала шаққа қайта оралғандай, жүрегі түскір
тәтті бір сезімнен уылжып
қоя берді. Адам қартайса бала болады, деуші еді бұрынғылар.
Сол рас, бала болдым ба,
деймін өзіме өзім. Бірақ есіл-дертім Энжеде. Қартайғанда қара
басты ма, мұнша толқып,
топалаң тигендей, аласұрған не деймін. Сөйте тұра енді қазір
шамаданды көтеріп, Қазанға
жиналғандай боламын. Қой, сандалма, деп тағы өзімді
қайраймын.

Содан бір мезгіл қу сезімді тежеп, ақылға салып көріп едім,
ақылым айтты: хат жаз деді.

Оп-оңай нәрсе, осы ойыма келмей, қаншама уақыт апиын ішкен
адамдай дал болдым

десеңші. Тіпті айтуға да ұят. Отыра қалып, хат жаздым. Не
жазғанымды тізіп қайтейін,

ақыр соңында: «Энже, суретінді салып жібер», — деппін.

Содан күнде таңертең елендеп тұратын болдым. Тұра салып
пошта жәшікке жүгіремін.

Төртінші қабаттан бірінші қабатқа қайта-қайта түсіп-шығу
менің жасымдағы адамға

едәуір күш болса да, емпендеп тыным таппаймын. Бір түсіп, бір
шығып, еліріп жүргенімді
көрші де байқап:

—

Сәке, тыныштық па? — деді.

—

Е, әшейін, газет келді ме деп...

—

Біздің поштаны қойсаңызшы, газетті өмірі уақытылы әкелмейді
ғой, — деп көршім

мені әурелеген поштаға айдаладан кіжінеді-ай кеп.

Біреуден өмірі бүйтіп хат күткен емеспін ғой. Сөйтсем, хат күту
деген қасірет болады

екен. Конверттің ішінде баяғы тірі Энженің өзі құндақталып
келетіндей тағатым

таусылды. Сол баяғы он жеті-он сегіз жас кезіміз болса, жөн басқа, сексендегі селдір шақта не азап. Сексенге келгендер некен-саяқ, олар енді ақырғы сапарға бет түзеп, тіршіліктің анау-мынау күйбеңіне араласа бермейтін, қызықшыжықтың базарынан әлдеқашан қайтқан адамдар. Сексендегілер өткен өмірдің қатпар-қатпар естеліктерінің сеңі бұзылса, соны қызықтап қана өмір сүреді. Қағазға жазылмаған қалың естелікті бір-бір парақтап жыртып алып отқа жағып, соның қызуына жылынып отыруы керек қой сексендегілер. Біздің жаста адамдар төсегінде жалғыз жатады. Қалың көрпе жылыта алмайтын жаурауық жанды естеліктің демімен жылытады. Ол үшін еске алатын өткен шақтың тәтті-тәтті кезеңдері бола қойса ғой. Алдан не күтеді? Ал мен болсам әлденені алдан күтетін болдым. Әлдене болғанда — әлгі хат. Хат келсе, маған жастық шақты жібек бұйдамен жетектей келетін тәрізді. Баяғыда біз Уфада оқып жүргенде, башқұрттар театрына баратынбыз. Сонда қай спектакль екені есімде жоқ, әйтеуір, біреуінде қалыңдығын сағынған бір жігіт: — Жырақлардан язған, Сәлем хатларынны Күте-күте түземлегем биткас, — деп жырлайтыны есімде қалыпты. Яғни, «алыстан жазған сәлем хатыңды күте-күте төзімім бітті» дегені ғой. Енді, құданың құдіреті, мен сол болдым. Әдейі пошта бөліміне барып, сондағы бір қыздан: — Қызым, Қазаннан хат қанша күнде келеді? — деп те сұрадым. Оның айтуынша, көп

кешікпейтін сияқты. Салбырап, еңсем түсіп үйге қайтып келсем, жәшікте газет жатыр екен: ала салып сілкілеп едім, көк конверт сусып барып еденге түсті. Жарылып қалатын жаны бар заттай лезде қақшып алдым. Суреті бар ма екен деп саусағыммен сипалаймын.

Жұқалау көрінді. Әдетте суреті бар хаттың конвертінде:

«Осторожно — фото!» деген

ескертуі болар еді, мынада ондай жазу жоқ...

Сексенге келген адамда сабыр-шыдам мол болса керек еді, енді қайда асығады? Жоқ, мен

мұны ұмытып, конвертті ашып жіберіп, баспалдақ бойлап оқып келе жатыппын. Қарсы

алдымнан шелек көтеріп төмен түсіп келе жатқан көршімді де көрмеппін. Соқтығысып

қала жаздадық.

—

Сәке, немене, қалыңдығыңыздан хат алдыңыз ба? — деп қалжыңдайды әлгі.

Сасқанымнан:

—

Иә, иә, жо-жоқ, бір жолдастан, — деппін.

Осы жұрттың сұңғыласы бар ма, қайдағы-жайдағы сырынды біліп қоятын сияқты. Мынау

білмеген де шығар, бірақ қалжыңының өзі шын шыққаны таң қаларлық.

Майда әріппен маржандай тізіліп жазылған қол сол баяғы Энже қолы. Адамның жасына

қарай өңі, бәлкім мінез-құлқы өзгерсе де, жазуы өзгермейді екен. Дүниеде қанша адам

бар, бірақ саусақ ізі өмірі бір-біріне ұқсамайтын көрінеді. Сол сияқты жазулары да бір-

біріне ұқсамайтын болуы керек. Қалай десе де, мен Энже қолтаңбасын өзге мыңдаған

қолдың ішінен таныр едім.

Арада алпыс жылға жуық уақыт өтсе де, мен мына маржан жазудан оның жұп-жұмсақ

мақпал үнін естігендей болдым. Жазу сөйлеп тұрған сияқты.
Шын сезімнен шыққан
жазудың бәрі сөйлейді. Әнже хаты тек құрғақ хабар-ошар ғана
емес, көкірегі қарс
айырылған күрсініс, қысқы күннің батар шағында қызғылтым
сәуле шалған ұлпа
бұлттардың мұнары сияқты бір нәзік сезім бар бұл хатта.
Орман-тоғай, айна көл, жазық
даланы қимай қайтқан қыр қаздарының арман аралас қиқуы
бар. «Сіз тірі екенсіз ғой,
Сағын. Тағдырға мың рақмет. Айналып келгенде өміріміз ұқсас
өтіпті. Мен ерімнен, сіз
жұбайыңыздан айрылыпсыз. Адамдар осылай адасып жүреді.
Әйтпесе мен сізге, сіз маған
жар емес пе едік. Ертеде қосыла қалсақ, бақытты болар ма едік,
әлде бір-бірімізді жек
көріп кетер ме едік — білмеймін. Бірақ өмірдің басында
кездесіп, әлдеқалай айрылысып,
соңында хат арқылы табысқанымызға да шүкір. Өлгенің тіріліп,
өшкенің жанғандай бір
заман. Біз бірақ екі жарты — бір бүтін бола алмаспыз. Тым
кешіктік. Күн төбеден төмен
құлап, ұясына батуға шақ қалды. Ол баста-ақ:
Жолымыз айырылған,
Қанатымыз қайырылған.
Біз бірге боларға жоқ шара.
Бізде осындай бір ән де бар. Бізге арналып шығарылған сияқты.
Бағбандар әр түрлі сортты
жас алма шыбықтарын бір-біріне қиыстырып байлап,
будандастыра береді. Екі шыбық бір
дене болып бірігіп кетеді. Ал, қу ағаштар біріге ме? Тамырлары
жалғасып, тәндері
біртұтас бірікпесе, желімдеп жапсырғанмен бола ма? Бізден
жасыл жапырақ төгілгелі
қашан. Мен сіздің бір сөзіңізге қайран қалдым, Сағын. Сізде әлі
бала мінез бар болар.

Бозбалалық сезімі сақталған сіз, сірә, бақытты боларсыз.
Әйтпесе менен сурет сұрар ма
едіңіз. «Әнже, суретінді салып жібер» дегеніңіз қалай?
Жоқ, Сағын бағырем, мен сізге суретімді сала алмаспын. Мен
сіздің көз алдыңызда,
көкірек көзіңізде, сол баяғы жиырма екінші жылғы қалпымда
қалғым келеді. Сіз мені шын
жақсы көрсеңіз, сол балғын бойжеткен қыз кезімді жақсы
көріңіз. Сол бейнені басқа
ештеңемен былғамай, таза сақтаңыз. Он сегіздегі қыз бенен
жетпіс сегіздегі қаусаған
кемпірдің суретін салыстырып не береке табасыз, не мұратқа
жетесіз? Обал емес пе?
«Қазанға барғым келеді» депсіз. Маған бола әуре болмаңыз.
Біздің жаста ұзақ жол жүру
өте қауіпті. Біз енді, алда қанша жарық күн бар, бұйырған
уақыт ішінде тек хатпен
табысып тұрайық. Маған сол да қанағат. Соған да тәуба. Жер
бетінде тірі жүргеніміздің
өзі менің жаураған кәрі жүрегімді жылытқандай болды. Соған
да шүкір, Мен үшін сол да
жеткілікті».

Жалпы хат сарыны осындай...

Сағын аға: «Осының, бәрін несіне айтып отырмын?» дегендей
маған бір түрлі кінәлі
адамдай күле қарап тыйылып қалды. «Осының бәрін айтқызған
сен қу ғой» дегендей ме,
қалай. Әр адамның сыртқа шаша бермейтін сыры болады. Тіпті
еш жан білмей, өзімен
бірге дүниеден өтетін сыр да болады. «Алжыған шал» деп
ойлады-ау деп, менен
қымсынған сыңайы бар. Менде ондай жымысқы ой жоқ екенін
оған қалай сездіріп, қалай
сендірем?

—

Мынау бір сәулелі мұң екен, — дедім басқа лайық сөз таппай.

«Қазанға барсам» деуіңіз бекер дегім келді де, айтпадым.
Шынында да, кемсиген кемпірді
бір көру үшін тау асып, тас басып не керек... Артынша өз
ойымнан өзім ұялдым. Ол —
менің ойым, менің көзқарасым. Ал Сағын ағаның ойымен,
соның көзімен қарағанда,
қандай боларын мен қайдан білейін.

—

Кеше хат жазып жібердім, — деді Сағын аға менің күдігімді
сезіп қалғандай.—
Сурет салғаннан неге шошыдың, Энже? — дедім. — Уақыт, көп
болса, сенің бетіңді
әжімдеген шығар, ал жүрекке әжім түспейді, — дедім.
Міне, мәселе қайда жатыр. Сағын ағаның соңғы сөзі мені ұрып
жыққандай болды. Әне,
Сағын аға көзімен қарағанда көрінетін сұлу дүние.

—

Безобразие, уақыт болып қалыпты ғой, қайтайық, — деп Сағын
аға сүйретіліңкіреп
барып орнынан тұрды. Таудан төмен қарай еңкездеп келеміз.
Ылди жолы жылдам. Жол
ылдиға жетектеп барады.

Шерхан Мұртаза «Бір кем дүние»
Ауыл иттері

Ахмет Байтұрсынов:

-Қинамайды абақтыға жапқаны,

Қиын емес дарға асқаны, атқаны.

Маған ауыр осылардың бәрінен

Өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, - деп еді-ау.

Әттең, дүние-ай, 1937 жылы біздің әкейді де өз ауылымыздың шолақ белсенділерінақақтан жала жауып, ұстатып жіберді де, жоқ қылды ғой. Обалы кімге?... Қорлықты көп көрдік қой.

1937 жылы «халық жауы» деп ұсталып, атылған, айдалған, асылғандардың бәрі кейін ақталды.

Бірақ жазықсыз жапа шеккендер қайта тірілген жоқ.

Бір кем ғана дүние ме екен? Орны толмас орасан обал дүние.

Тасбақаның көз жасы

Дүниеде бір армансыз, қамсыз, уайымсыз жан иесі бар болса, ол тасбақа шығар деп ойлаушы едім. Мейір шөпті тауып алып, соны тістеп жатып, жүз жыл жасай беретін, Құдайдың сүйген мақұлығы сияқты көрінуші еді.

Сөйтсем, кинодан көрдім, тасбақадан қасіретті жәндік жоқ екен. Теңіз тасбақасын айтамын.

Теңіз тасбақасы баласын дұмыртқадан шығарады. Бірақ жұмыртқаны суда туа алмайды. Теңізден шығып, жағалаудағы құмды қазып, жұмыртқа туып, құмға көміп кетеді екен.

Кетерінде көз жасы көл болып, іштен шыққан тұқымды қия алмай, құрлықта ұзақ уақыт қала алмай, амалсыз теңізге оралады. Міне, сұмдық сол сәттен басталады. Тасбақа жұмыртқасына алдымен адамдар әуес, тіпті жерік десе де болады.

Адам сондай болғанда, басқа жыртқыштарға не жорық?
Олар да жұмыртқа жегіш.

Ал енді жегіштерден аман қалған жұмыртқалар құмның қызуымен ай-күніне жетіп, балақай болып, жарық дүниеге шығады ғой. Әне, содыр сойқан сонда басталады. Енді оларды аулауға аспандағы жырқыш құстар да шүйлігеді.

Тумай жатып, жарық дүниеге келмей жатып, ажал аранына түсетінін Жаратқанның берген түйсігі арқылы сезетін балақайлар сол сезім жетектеп, дереу теңізге жетуге асығады.

Теңізге жеткені – жетті, жетпегені – желкесі үзіліп,
қорқаулардың құлқынына түседі.

Бұл да бір кем дүние, арпалыс әлемі.

Бір тал шаш

Шіркін, қазақтың қара өлеңі! Неге бірақ «қара өлең»? «Қара» деген сөздің әр түрлі мағынасы бар. Мысалы қара мал – ірі мал, Қаратау – ұлы тау, қара хан – атақты хан, қара жер, т.б.

Қара өлең де сондай шығар. Ірі шығар. Сонау соғыс жылдарында азынаған, аштықта, күннің шуағы тым сирек кезде, қақаған қыста, анда-санда адамдар бір бас қосқанда, майданға ондап кеткен азаматтардан ілуде біреу жаралнып қайтқанда жетім ауылда бір азғантай той-мереке болар еді.

Сол тойда екеу-екеу ән салып, сағынышты әуендер айтатын. Әсіресе есімде қалғаны, көкірегімде өшпестей жатталғаны, әрдайым қырау шалған жүрегімді жылытатыны екі-ақ ауыз мына шумақтар:

Ауылыңнан ары да өттім,

Бері де өттім-оу,

Үкіңді шекеңдегі бермей кеттің-оу.

Сол үкің, көп болғанда, жүз теңгелік-оу,

Қалдырдың көңілімді мың теңгелік-ай.

Қара көз қарай берді дүркін-дүркін-ай,

Көзімді қарықтырды сенің көркің-ай.

Шашыңнан бір-бір талдап сүйер едім-ау,

Қайтейін, жетпейді ғой өмір шіркін-ай...

Қазір бір-бір талдап сүйетін шаш қайда?

Ондай сүюдің қадірін білетін бас қайда?

Өттең, бір кем дүние!...

Көреген көсем

Мен енді Астанада, Әлихан Бөкейхан көшесінде тұрамын. Үйдің бесінші қабатындағы магазин «Алтын Орда» деп аталады. Іргемізде – Конгресс-холл, алдымызда – түрік шайханасы.

Түстікте бір үйден кейін – Есіл-өзен. Оған төніп тұрған – Кенесары ескерткіші.

Әлихан Бөкейхан – Алашорда көсемі. Соның атындағы көше – айбын.

Сонау 1910 жылдың өзінде Петроградта басылып шыққан «Қазақтар» деген еңбегінде Әлихан Бөкейханов былай дейді:

«Крестьяндарды қазақ даласына үйіп-төгіп қоныстандыра берсе, тың жердің түгел жыртылары хақ. Ал қазақ даласы тыңынан айырылған соң, тұлдырсыз бедеу қалады да, егін өспейтін болады... Қазақ даласының тамаша шүйгін жайылымдарының топырағы көкке ұшқан соң, дала шөлге айналады, сөйтіп, крестьян айтақырға отырып қлды, ал жайылымнан айырылған қазақ әбден азып-тозып, ақыры жаңа тұрмыстың жағдайымен пролетариат қамытын киіп, тау-кен заводтарына, қалаға кетеді».

Арада елу жыл өткеннен кейін орыс жазушысы Чивилихин «Земля в беде» деген шығармасында Әлихан Бөкейханның көріпкелдігін растап берді.

Сөйтсем көсем Әлихан Бөкейханды Сталин жауыздары атып тастады.

Имансыз жауыз заман, залым дүние.

Бір уыс топырақ

Смағұл Сәдуақасов ерен ақыл-ойдың және батыл әрекеттердің иесі болған екен. Туған халқы үшін шын күрескер. Мұндай адам сол кездегі Мәскеуге ұнамайды-ақ. Ақыры Сталин өкіметі оны Ростов на Дону деген жаққа жұмысқа жіберіп, сол жақта белгісіз жұмбақ өлімге тап

болады. Мәйітін Мәскеуге жеткізіп, крематорий дегенге салған ғой, күлі ғана қалады.

Смағұл әйгілі Әлихан Бөкейханның күйеу баласы еді. Әлекеңді сол жолы крематорийден Тұрар Рысқұлов, тағы бір қзаақ, сірә, Нұрмақов, сүйеп алып шығады.

Сөйткен Тұрардың өзі де 1938 жылы көктемде Сталин тізімімен атылды.

Әлихан Бөкейханға да Сталин оғы атылды. Сүйегі қайда қалғанын білмеймін.

Есіл ерлерге, сөйтіп, туған жерден топырақ та бұйырмаған ғой.

Әттең, бір кем дүние.

Жалған дүние

Арқаның таңы ағарып атқанда, құдайдан жақсылық тілеп жатқанда, қайран тілек кері кетіп, қаһарлы сұп-суық хабар жетті: сұм дүниеден жампоз Камал өтті.

Қайрат камал! Біз екеуіміз бір-бірімізбен хат жазысып, бір-бірімізге ұдайы да жақсылық тілеуші едік. Елдің, қазақтың арманы мен аңсарын айтып, ол хаттар «Егемен қазақстан» атты аға газетте жарияланып жатушы еді.

Енді не болды?

Заманның дидары мен кепиеті туралы сырларымды енді кіммен бөлісемін?

Сен тым ақкөңіл, адал едің ғой, Камал! Қоғамда болып жатқан толайым кемшіліктерді мен ашына жазғанда, сол қоғамдағы зәредей жақсылықтарды тізбелеп, маған басу айтушы едің. Заманның, қоғамның алдағы күндерде

жақсылыққа, ақжарқын күндерге жететінін дәлелдеп,
ұдайы да үміт отын жандыртынсың.

Екеуіміз бір-бірімізге жазған осы хаттр кейін «Елім, саған
айтам, Елбасы, сен тыңда!» деген атпен кітап болып
шығып, сол кітап халықаралық абыройлы сыйлыққа ие
болып еді.

Кін енді менімен сыр бөлісіп, арандар, тілектер айтысып,
кім енді маған хат жазады?

Әттең, дүние... Екеуіміз жұп жазбай Ұлытауға барып-
қайтып жүретін заман-ай...

Сен, камал, осы заманның Баубек Бұлқышев ағандай
батыры әрі қара сөздің ақыны едің. Сонау өткен ғасырдың
алпысыншы жылдарынан бері жұп жазбай, жұп жазсақ та,
көз жазбай, қатар келе жатқан бір жылдың төлдері едік.

Жатқан жерің жәннат болсын! Аллаһу-тағала о дүние
қызығын берсін, қанаттас, қаласдас асыл дос!

Сенсіз дүние – бір кем дүние.

ДУАНАНЫҢ ЖИРЕН ҚАСҚАСЫ

Қасиетті қарт Қаратаудың қойнында, Қарағай деген
байдың тоқсан тоғыз (99) жирен қасқа тұлпарлары
болыпты. "Қанша дәулет бітсе де, бай қуанар егізге"
дегендей, байкем сол сәйгүлік жирен қасқалар жүзге
жетсе екен деп армандапты.
Бірақ, Құдайдың құдіреті, биелері қайтып жирен қасқа
құлын тумай қойыпты.
Сондай күндердің бірінде бай ауылына ел кезген бір
дуана келе қалады. Қараса, астындағы аты - Жирен қасқа!
Бай жігіттерін жұмсап, дуананың атын тартып алады.
Бұдан асқан қорлық, бұдан асқан зорақылық бола ма?!
Сөйтсе, дуана жай дуана емес, қызыр шалған әулие кісі

екен, таудан арқырап аққан асау өзенді бөгеп тастап, Жирен қасқамен өрге шапшып, бай ауылын қарғап кетіпті. Бай дәулеттен айрылып, қайтып мал-мүлік құтаймай қойыпты.

Тоқсан тоғыз Жирен қасқа хикаясын айтқан Өмірбек Байгелді.

Біреуі-ақ жетпеген. Дуананың қарғысынан Қарағай елі, Еңбек Ері Байгелдінің тұсында ғана арылған.

ҚҰР АЛАҚАН

Жарты әлемді жаулаған тағы бір жаһангер - Александр Македонский - Ескендір Зұлқарнайын өлген соң табыттан қолы шошаңдап шыға беріпті.

Бір данышпан алақанына бір шөкім топырақ салған соң ғана қолы сылқ етіп табытқа түсіпті.

Сөйтсе, Ескендір тірілерге:

- Ей, жарандар, мен дүниенің жартысын жаулап, алтыннан тау тұрғызсам да, о дүниеге ештеңе алып бара жатқан жоқпын. Міне, қараңдар, - деп алақан ашып көрсеткені екен.

Қайран дүние, тіршілікте кім тойған...

Адамның ашқарақ көзі топыраққа ғана тояды.

Бір кем дүние...

Шерағаңның, көрнекті жазушы Шерхан Мұртазаның "Бір кем дүниені" жазып жатқандығы туралы бір әңгімесінде жазушы Несіпбек Дәутайұлы айтқан еді. Атының өзі естіген құлақты елең еткізетін бұл дүниені оқуға құлшынысым артты. Қашан және қай кезде жарық көретінін де білмеймін ол кезде. Содан бері де екі жыл өтіпті.

Жуырда "Бір кем дүниенің" "Жазушы" баспасынан кітап

болып шыққанын естігенімде тағат тауып тұра алмай, баспаның кітап дүкеніне жүгірдім. Өкінішке қарай, баржоғы 2000 таралыммен шыққан кітаптың бірде-бір данасы қалмай сатылып кетіпті. Сатушыдан кітапты енді қайдан табуға болатынын сұрағанымда, ол кісі "Бір кем дүниенің" күз айларында қайта басылып шығатынын жеткізді. Күзге дейін екі-үш ай бар. Сосын амалсыз кітаптың жауапты редакторы, белгілі ақын Есенбай Дүйсенбайұлына хабарласуға тура келді. Есенбай аға біздің өтінішімізді жерге тастамай, "Бір кем дүниенің" бір данасын тауып берді. Ағаға деген алғысым шексіз. Көктен іздегенім жерден табылған соң, қалай қарап тұрарсың. Бас алмастан, бір деммен бір күнде кітапты оқып шықтым. Сүйсінген бір басқа, Шерағамның айтқан әрбір сөздеріне жаным ауырды. Аз ғана таралыммен шыққан жұқалтаң кітапқа қолы жетпей жүргендер көп шығар. Өзім ғана оқығаным абзал болмас, тым болмаса оқырмандар бұл кітаптың үзіндісімен танысып көрсін деген оймен, "Бір кем дүниедегі" Шерағамның ойларының бір парасын газетке жариялауды жөн көрдім.

ДУАНАНЫҢ ЖИРЕН ҚАСҚАСЫ

Қасиетті қарт Қаратаудың қойнында, Қарағай деген байдың тоқсан тоғыз (99) жирен қасқа тұлпарлары болыпты. "Қанша дәулет бітсе де, бай қуанар егізге" дегендей, байкем сол сәйгүлік жирен қасқалар жүзге жетсе екен деп армандапты. Бірақ, Құдайдың құдіреті, биелері қайтып жирен қасқа құлын тумай қойыпты. Сондай күндердің бірінде бай ауылына ел кезген бір дуана келе қалады. Қараса, астындағы аты - Жирен қасқа! Бай жігіттерін жұмсап, дуананың атын тартып алады. Бұдан асқан қорлық, бұдан асқан зорақылық бола ма?! Сөйтсе, дуана жай дуана емес, қызыр шалған әулие кісі екен, таудан арқырап аққан асау өзенді бөгеп тастап,

Жирен қасқамен өрге шапшып, бай ауылын қарғап кетіпті. Бай дәулеттен айрылып, қайтып мал-мүлік құтаймай қойыпты.

Тоқсан тоғыз Жирен қасқа хикаясын айтқан Өмірбек Байгелді.

Біреуі-ақ жетпеген. Дуананың қарғысынан Қарағай елі, Еңбек Ері Байгелдінің тұсында ғана арылған.

ҚҰР АЛАҚАН

Жарты әлемді жаулаған тағы бір жаһангер - Александр Македонский - Ескендір Зұлқарнайын өлген соң табыттан қолы шошаңдап шыға беріпті. Бір данышпан алақанына бір шөкім топырақ салған соң ғана қолы сылқ етіп табытқа түсіпті. Сөйтсе, Ескендір тірілерге: - Ей, жарандар, мен дүниенің жартысын жаулап, алтыннан тау тұрғызсам да, о дүниеге ештеңе алып бара жатқан жоқпын. Міне, қараңдар, - деп алақан ашып көрсеткені екен.

Қайран дүние, тіршілікте кім тойған...
Адамның ашқарақ көзі топыраққа ғана тояды.
Бір кем дүние...

АУЫЛ ИТТЕРІ

Ахмет Байтұрсынов:
- Қинамайды абақтыға жапқаны, қиын емес дарға асқаны, атқаны. Маған ауыр осылардың бәрінен өз ауылымның иттері үріп, қапқаны, - деп еді-ау. Эттең, дүние-ай, 1937 жылы біздің әкейді де өз ауылымыздың шолақ белсенділері нақақтан жала жауып, ұстатып жіберді де, жоқ қылды ғой. Обалы кімге? Қорлықты көп көрдік қой. 1937 жылы "халық жауы" деп ұсталып, атылған, айдалған,

асылғандардың бәрі кейін ақталды.
Бірақ жазықсыз жапа шеккендер қайта тірілген жоқ.
Бір кем ғана дүние ме екен? Орны толмас орасан обал
дүние.

ИТАЯҚТЫҢ КЕСІРІ

Шілденің шықылдаған ыстығында күншығыстан қарасаң,
күнбатыс жақта Келіншектау ағып жатқан асау алтын өзен
сияқты.

Күннің аптабы қайтып, кешкі салқын түсе Келіншектау
анық көріне бастайды.
Сонда Келіншектау туралы ерте-ерте ертедегі аңыз еске
түседі.

Отыз күн ойын, қырық күн тойы болып, байдың қызы
ұзатылады. Қырық түйеге артылған жасаудың бәрі алтын,
күміс, гауһардан екен дейді.

Ұзыннан ұзақ созылған дәулетжар көштің алдында келе
жатқан қыз әкесі қызынан:

- Қалай қызым, жасауыңа көңілің тола ма? - деп сұрапты.

Сонда ұзатылып бара жатқан қыз:

- Ризамын, әке, тек итаяғым алтыннан болмады-ау, -
депті.

Мұндай тойымсыздыққа не айтарын білмеген әке байғұс
қос қолын теріс қарата жайып жіберіп:

- О, қанағатсыз мұндар, қаратас болып қатып қал! - деп,
қатты қарғапты. Қарғыс Құдайдың құлағына шалынып,
бүкіл асыл көш лезде қаратас болып қатыпты да қалыпты.
Қанағатсыздыққа, тойымсыздыққа Құдайдың қаһары
осылай тиіпті.

Қарап тұрсаң, мына қазіргі заманда да, сол бейшара
қыздың абайсызда айтып қалған айып сөзін кешпеген
Жаратқан ие мына қазіргі заманда түйені түгімен, кемені
жүгімен жұтып жатқандарды қалай көрмейді - ғажап!
Бірақ Құдай асықпайды: бұл дүние болмаса, о дүние бар;
зауал әйтеуір бір соғар.

Бұл тек бір кем дүние емес, екі дүниеде де кешірілмес мол кем дүние.

БҮКІР ДҮНИЕ

Бірінші Петр патша солтүстіктің Балтық дейтін теңізінің бір қолтығына, батпақтың үстіне қала салдырды. Сол қала батпаққа батып өлген мыңдаған адамдардың сүйегінің үстіне салынды. Атын Санкт-Петербург деп қойды. Кейін ол ат лезде өзгеріп, Ленинград болып шыға келді. Опасыз дүние. Жетпіс жылдан кейін Ленинград аты өшіп, бұрынғы есімі қайта оралды. Сталинград Волгоград болды. Қаланың, елді мекендердің әуелгі атын өзгерте берген жақсы емес. Ақмола еді... Целиноград болды... Астана болды... Әлдекімдер шошаңдап, тағы да өзгертеміз деп жүр.

Кешегі Кеңес өкіметі тұсында жер-су аттары қопарыла өзгеріп: Андреевка, Алексеевка, т.б. толып жатқан колонизаторлар атымен тоғытылды. Содан не береке шықты? Қайтадан Күреңбел, Қызтоған, Қошқар-Ата, Түктібай, Сұрым, Кәрі-Қорған болып, баяғы қалпына келді. Бірақ, әсіресе, бір кезде Хрущев пен оның губернаторлары Соколов, Бородин, Демиденко дегендер "Целинный край" деп өзгерткен Солтүстік Қазақстан тарапы сол патша заманынан, Хрущев дәуірінен қалған аттарға тұнып тұр: Киевка, Малиновка, Александровка, т.т. Киевка дегені - Нұра өзені бойындағы елді мекен. Әйгілі ғалым, халқының ардагер азаматы Кәрім Мыңбаев туған жер. Киевканы қойып, Кәрім Мыңбаев қояйық десең көнбейді. Баяғы отаршылдық қамшысы қарғыс таңбасындай басылып қалған байғұстар, "Киевка" атынан айрылса, арам өлетіндей өзеурейді. Міне, бұл бүкір дүние.

БІР ТАМШЫ ЖАС

О, Сүйінбике! Алтын Орда хандарынан қалған тәбәріктей
асыл жан.
Сен жасыңда дәуірледің.
Қазан халқының ханы болдың. Қазанды билеген әйел
затынан шыққан тұңғыш хан.
Сенің сорыңа орыс патша Иван Грозный замандас болар
ма?!

Қазанды сол қиратты.
Қазан қамалын зеңбіректен атқылап құлатып, сені
тұтқынға алды.
Сен Қазанмен қоштасарда көзінде жалғыз тамшы жас
тұрып қалды.
Кейін тамаша суретші Бақи Орманшы (Урманче) сенің
суретіңді ағаштан ойып салғанда, кірпіктеріңнің астынан
сол бір тамшы жас ерекше көрініп тұрды. Сол тамшы жас
болмаса, суретте жан болмас еді. Сол тамшы жас
болмаса, бір кем дүние - шын кем дүние болар еді.

АСАТУ

Көне түрік сұлтандарының салты:
Сарай ақынының өлеңдері ұнаса, аузы толғанша алтын
тіллә асатады.
Ұнамаса, аузы толғанша жылқының тезегін асатады.
Қазіргі ақын-жазушыларға да осы әдісті қолданса, әдебиет
шыңға шығар еді.
Бірақ "ералаш" қой.
Бір кем дүние.

ДАР МЕН ДАҢҚ

Өлтіру оңай. Тірілту қиын. Сталин дәуірінде небір
марқасқалар атылды.

Бас айыптаушы прокурор Вышинский.
СССР Жоғарғы Сотының бастығы В.Ульрих.

Атылды:

Бухарин, Рыков, Ходжаев, Икрамов, Рысқұлов,
Сейфуллин, Майлин, Жансүгіров, Нұрмақов, Мағжан
Жұмабаев... тағы басқа аса ірі қайраткерлер.

Сталин өлгеннен кейін солардың бәрін ақтады. Ақтағаны
былай тұрсын, мақтады.

Бірақ одан не пайда? Моральдық, адамгершілік жағынан
пайда бар шығар.

Бірақ зорлықпен өлтірілгендерді қайтып тірілте алмайсың
ғой.

Бәлкім, кінәсізден "кінәлі" болғандардың жағдайы о
дүниеде жақсы шығар. Бірақ жалған дүниеге қайтып
оралмайды ғой.

Міне, бұл бірегей кем дүние.

МЕКТЕПТІҢ ТҰҒЫРТАСЫ

Ұлттық кеңес жиналысында: Білім тұжырымдамасын
талқылау.

Президент резиденциясы.

Мен:

- "Байқоңыр қорлығы. Байқоңыр намысы деген ұғым туды.

Униженный и оскорбительный Байқоңыр.

Байқоңырды өзіміз игере алмайды екенбіз, тетігін,
техникасын білмейді екенбіз. Бұған біліміміз жетпейді
екен. Ендеше, несіне кекірейеміз?!

Ауыл мектебі. Бастауыш мектеп. Тұғыртасы мықты болса,
үй құламайды. Бастауыш мектепте тұғыртас жоқ. Бар
бәле содан.

Бастауыш мектеп - уыз. Уыз орнына - көкшалап.

Мұғалім қайыршы. Одан бедел бола ма? Қаржы жоқ дейді.

Бюджет салықтан тұрады. Ал бюджетке мұнайдан мұнша,

мыстан мұнша, хромнан, молибден, бокситтен мұнша түседі деген статья бар ма? Жоқ! Қазақстан қайыршы болатындай сорлы емес. Оны сондай болуға мәжбүр етті. Ұлы ұрлық дәуірі. Сөз бітті", Әбіш Кекілбаев қолдады. "Байконурский синдром", - деді. (6.08.1995 ж)

Бұл қай, қандай кем дүние?!

АЙУАН АРТЫҚ

Бауыржан Момышұлының Кеңсайдағы ескерткіші тоналды. Мыспен қапталған шинелін "шешіп" әкетіпті. Мыс қымбат.

Адам адам болудан қалды.
Айуан артық. Ол зиратты тонамайды.
Бір кем дүние. (21.08.1995 ж.)

ОПАСЫЗ АЛТЫН

Жүз жасаған теректі арқалап, балталап жатып алып кеткен. Томары қалып қойған. Кедей кемпір самаурынға деп, күнде барып, томарды шетінен кеміре береді. Бір күні балтасы тасқа тигендей болды. Қазып қараса, шағын сандық екен. Ашып көріп еді, ішінен киізге ораған алты кило алтын шығады. Милицияға хабарлайды. Өкімет кемпірге алтын құнының 25 процентін береді. Баласы ұрсады:

- Балам-ау, осыған да шүкір де. О баста өз иесіне опа қылмаған алтын ғой. Осыған да қанағат. Қанағат қарын тойғызар. Қанағатсыз жалғыз атын сойғызар. Саған қатын алып беруге осы да жетеді, - депті кемпір. Баласы дүрдигенін қоймапты.
Бір кем дүние.

АДАЛ МЕН АРАМНЫҢ ТАРАЗЫСЫ (Мешітте айтылған уағыз)

Бір кедей пенде жалғыз сиырын сауып, соның сүтін сатып динар ақша жинайды екен. Бір қалта динар жинаған әлгі кісі кемеге мініп, бір жағдаймен жолға шығады. Кемеде келе жатып ұйықтап кетеді. Сонда бір маймыл оның динар салған қалтасын ұрлап алып, кеме желкенінің ұшар басына шығып кетеді. Жолаушы оянып, ары-бері қараса, динар салған қалта жоқ! Ары іздейді, бері іздейді. Ақыры желкеннің ұшар басында отырған маймылды көреді. Қараса, маймыл бір динарды алып мұның қолына лақтырады. Келесі динарды алып теңізге лақтырады. Сөйте-сөйте қалтаны босатады. Мәнісі: әлгі міскін сиырын сауып, сүтін сатарда аздап су қосады екен. Иесіне лақтырған динар - адалдан. Теңізге лақтырған динар - арамнан. Яғни судың үлесі - суға, сүттің үлесі - иесіне. Әр заманда адал мен арамның арасын анықтап тұратын осындай таразы болса ғой, шіркін. Бірақ ондай құрал жоқ қой... Бір кем дүние.

ҚАЙДА

Тұрар Рысқұлов 1938 жылы атылды деп жазылатын. Қабірі Москва түбіндегі Бутова деген деревнядағы зиратта дейтұғын. Бірақ кейін іздеушілер сол Бутовадан таппады. Кейбір басылымдар Тұрардың өлген жылы "1943" деп жүр.

Тұрар Рысқұлов туралы "Служение народу" атты қомақты кітап жазған москвалық профессор В.М.Устинов: - Өте құпия құжаттар бар. Ол тек генсектің рұқсатымен ғана көрсетіледі. Бір сөз бар: Тұрар Рысқұлов Солтүстік Қазақстанда өлген, - дейді-дағы, сыбырлап: - Аштан өлген, 1943 жылы, - дейді.

"Ақыр байдың баласы аштан өлген". Тұрар, миллиондарды сталиндік-голощекиндік аштық ажалынан (геноцид) арпалыса арашалаған Тұрар Рысқұлов ақыр соңында өзі аштан өлген?! Әділет қайда, атасына нәлет! Тым болмаса моласы да жоқ. Шыңғыс ханның моласын осы уақытқа дейін толып жатқан зерттеушілер таба алмай келеді. Ал халықты аштық қырғыннан сақтап қалған Рысқұловтың моласын кім іздейді?! Бір кем дүние.

ТАЛАНТ САТЫЛМАЙДЫ

- Бәрін де сатып алуға болады,- деді Ғабең бір жолы.
- Ақшаң болса қалтаңда,
Талтаңдасаң - талтаңда!
Бәрін де - атақты да, ар-ұятты да, әйелдің махаббатын да...
Ал бірақ талантты сатып ала алмайсың. Ешқашанда. Талантты адам бермейді, Құдай береді. Біздің Союздың есігі айқара ашық: халтураға да, дарынсыз сүмелектерге де. "Қазаннан қақпақ кетсе, иттен ұят кетеді" деген сол. Білдің бе? Мен, әрине, білемін. Бұл да бір кем дүние. ...Қазіргі Жазушылар одағы - біздің Мыңбұлақтың егіс даласындай: еккен арпа-бидай арамшөптің, есекмияның, кекіренің арасынан көрінбейді.

ҚАЗАҚ КӨП ПЕ, АЗ БА?

Алыптардың біреуі Ғабит Мүсірепов айтты:
- "Біз жиылсақ - көппіз, жайылсақ - жоқпыз", - деп.
- "Біз мына кең далаға сыймай жүрген жоқпыз, сыйыспай жүрміз", - деп.

Соңғы санақ бойынша 8 миллионның ар жақ-бер жағы. Содан бері, бәлкім, 9 миллион болған шығармыз. Шет елдерде, шамада, 5 миллион бар дейік. Шығыстағы айдаһар елі - 2,5 миллиард. Батыс пен терістіктегі Аю елі - 150 миллион. Тіпті іргеміздегі өзбектер 20 миллионнан артықпыз деп мақтанады.

Ғасырлар бойы соғыс-сойқан, ашаршылық, жоңғарлар, патшалар, Сталин, Голощекин, Хрущев... Қытай көптігінен бала тууды шектейді. Біз неменеге жетісіп шектейміз?! Біздің ханымдар бір-екі баламен қақайып қалады. Үкімет көп баланы лайықтап қолдамайды. Тіпті халқы көп деген Ресейдің өзі көп балалыларды қошеметтеп, көмектесіп жатыр. "Аз халықтың маңдайында бақ тұрмайды" деуші еді. Алла өзі жар болсын! Бір кем дүние.

ШОШҚА ТІКЕН

Жылт еткен жақсылық хабар бар ма? Үлкен қаланың түнгі аспанындағы сирек жұлдыздардай жыламсырап әрең-әрең көрінеді.

Сонда бұл дүние, өзің бес-ақ күн қонақ болсаң, несі қызық?

Қызық ету, сірә, аса дарынды сирек адамдардың ғана қолынан келетін болар.

Мысалы, мына Нұрғиса сияқты жарқылдап өтсең дүниеден.

Бірақ ол қиыншылық көрмеп пе? Тағдыр қиыншылығының көкесін көрген шығар. Оған мойымаған, қайғыны да, мұңды да көріп-біліп жүріп бүгілмеген адамнан анандай сұрапыл да сұлу күйлер, әдемі әуендер төгілер. Олар - Құдай сүйген құлдар. Таланттар раушан гүлі сияқты жан-жағына жұпар шашады, көңіл ашады. Тікені, азабы өзіне.

Талантсыз топастар шошқа тікен сияқты. Гүлдемейді.
Сүйкімсіз. Азабы өзгеге. Жамандық солардан.
Мұндайлар біздің әдебиетте бар ғой.
Бір кем дүние.

ЖАЛҒАН ДҮНИЕ

Арқаның таңы ағарып атқанда, Құдайдан жақсылық тілеп жатқанда, қайран тілек кері кетіп, қаһарлы сұп-суық хабар жетті: сұм дүниеден жампоз Камал өтті. Қайран, Камал! Біз екеуміз бір-бірімізбен хат жазысып, бір-бірімізге ұдайы да жақсылық тілеуші едік. Елдің, қазақтың арманы мен аңсарын айтып, ол хаттар "Егемен Қазақстан" атты аға газетте жарияланып жатушы еді. Енді не болды? Заманның дидары мен кепиеті туралы сырларымды енді кіммен бөлісемін? Сен тым ақкөңіл, адал едің ғой, Камал! Қоғамда болып жатқан толайым кемшіліктерді мен ашына жазғанда, сол қоғамдағы зәредей жақсылықтарды тізбелеп, маған басу айтушы едің. Заманның, қоғамның алдағы күндерде жақсылыққа, ақжарқын күндерге жететінін дәлелдеп, ұдайы да үміт отын жандандыратынсың. Екеуміз бір-бірімізге жазған осы хаттар кейін, "Елім, саған айтам, Елбасы, сен де тыңда!" деген атпен кітап болып шығып, сол кітап халықаралық абыройлы сыйлыққа ие болып еді. Кім енді менімен сыр бөлісіп, армандар, тілектер айтысып, кім енді маған хат жазады? Өттең, дүние... Екеуміз жұп жазбай Ұлытауға барып-қайтып жүретін заман-ай... Сен, Камал, осы заманның Баубек Бұлқышев ағандай батыры әрі қара сөздің ақыны едің. Сонау өткен ғасырдың алпысыншы жылдарынан бері жұп жазбай, жұп жазсақ та, көз жазбай, қатар келе жатқан бір жылдың төлдері едік. Жатқан жерің жәннат болсын! Аллаһу-Тағала о дүние

қызығын берсін, қанаттас, қаламдас асыл дос!
Сенсіз дүние - бір кем дүние.

ТҮЙЕНІ ТҮГІМЕН

Көне Мысырдың "Марқұмдар кітабында" мынандай жазулар бар екен:

" - Мен ағын суды бөгемедім.
- Мен ешкімді өлтірген жоқпын.
- Мен таразыдан жеген жоқпын.
- Мен әлсіздерді жәбірлемедім.
- Мен ешкімнің көз жасына қалмадым".

Осы өлшеммен келгенде, қазір бізде қалай?

АЗДЫҢ МАҢДАЙЫ ТАР

Жолда өзінен үш есе үлкен тезекті домалатқан көң қоңызын әлдене басып кетіпті. Шымалдар соған жабылып жатыр.

Шымал - құмырсқаның ергежейлілері. Мыңы жиналып, қоңыздың үлкендігіне жетпейді. Бірақ мыңы жиналып, әлгі өлікті жылжытып барады. Қайда апарады? Әлде азық қыла ма? Әлде арулап, көмгісі келе ме? Сірә, азық шығар. Қу тамақ. Ал әлгі қоңыздың өзі де қу құлқынның құрбаны болған. Дүниенің кепиетіне қарап тұрсаң, тіршіліктің бәрі осындай. Көпшілік азшылықты аямайды. Тіпті, жеңімпаз Құбылайдың өзін қытайлар кезінде лек-лек түмен әскерімен түп-түгел жұтып жіберді. Жеңімпаздардың өзі қытайланып кетті. Сонда ақырғы жеңімпаз кім? Бұл қай сипатты дүние?

ЖАЙНАМАЗ

Әкеміз Мұртаза марқұмның қызғылтым шырайлы, әдемі гүлдері жайнаған жап-жаңа жайнамазы бар еді. Алдымен мешіт бұзылды. Оның үйінді болып қалған кірпіштерінің үстінде байғыз дейтін құс сұңқылдап, зарлап отыратынды шығарды. Көп ұзамай Мұртаза рахметілік "халық жауы" ретінде ұсталды. Бұл 1937 жылдың, сірә, желтоқсан айы еді. НКВД үйге тінту жасады. Мен ол кезде 5 жасар баламын. Бәрі есімде. Тінткенде бәлендей байлық табылған жоқ. Тек бір милиционер төрде ілулі тұрған жайнамазды жазып көрді де: "Е, мынау шұлғау болуға жақсы екен. Аяғым тоңып жүр еді",-деп Алланың аты жазылған жайнамазды бүктеп-бүктеп, қойнына тыға салды... Арада алпыс жыл өткенде жолым түсіп, Кереку қаласына барып, мешітіне кіріп, дұға оқығанда, Тәңірі жарылқағыр бас имам маған Қағбадағы мешіттің суреті салынған сұлу жайнамазды сыйлады. Сонда баяғы милиционерге шұлғау болып, қорланған жайнамаз ғайыптан құс болып келіп, қолыма қонғандай ғажайып хал кештім. Мұны марқұм Мұртазаның әруағы сезді ме... білмеймін. Бір кем дүние.